



Келісіді
Ақмола облысы білім басқармасы
басшысының м.а.

V. Gamazov
В. Гамазов



Бекітемін
Ақан сері атындағы жоғары мәдениет
колледжінің директоры, ҚР Мәдениет
қайраткері

K. Idrisova
К. Идрисова

17 ақпан 2023 ж.

Ақан сері Қорамсаулының 180 жылдығына орай өткізілетін
**«Ақаннан әуелеген әсем ән» атты республикалық дәстүрлі әншілер байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан сезімге толы, айшықты да сұлу өрілген сөздерімен арбайтын, ақындығымен жүрекке жылы тиіп, жаныңды жаулайтын әсем әндерімен арқаның атақтысы болған Ақан сері Қорамсаулының кәусәрдай мөлдір әндері ұлттық ән өнері қазынасына зор үлесін қосуы, ұрпақтан сол асыл мұраны жалғастыруды талап етеді.

Ақмола облысы білім басқармасының қолдауымен Көкшетау қаласының Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжі дәстүрлі түрде өткізіп жүрген «Ақаннан әуелеген әсем ән» дәстүрлі әншілер байқауын 2023 жылдың 19-20 сәуірі аралығында өткізеді.

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже «Ақаннан әуелеген әсем ән» атты республикалық дәстүрлі әншілер байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қызметінің қамтамасыз етілуін, өткізу тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

1.2 Байқаудың ұйымдастырушысы – Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Көкшетау қаласы, Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжі» МКҚК.

1.3 Байқаудың мақсаты мен міндеті:

Заманның әрдайым өзгеріп, өмірге жаңа өнерпаздардың келіп отыруы өмір заңдылығы екенін ескере отырып, Ақан әндерінің жаңа орындаушыларымен бірге жаңарып, жаңғырып отыруын қабылдау.

Ақан сері шығармашылығына жаңа дем беріп жүрген жас дарындарды анықтап, шығармашылық қабілеттеріне қолдау көрсету арқылы ары қарай танылуына жол ашу.

Өнерлі жастардың Ақан сері бабамыздың өнер мұрасына деген көзқарастарын қалыптастырып, сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

2. Қатысушылар

2.1 Байқауға қатысушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі:

- 1) «Балалар» - 12-15 жас аралығындағы жалпы білім беретін мектеп, өнер мектептері мен гимназия-лицейлердің оқушылары;
- 2) «Жасөспірімдер» - 16-20 жас аралығындағы колледждердің білім алушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері;
- 3) «Жастар» - 21-25 жас аралығындағы жастар.

2.2 Кәмелетке толмаған қатысушылар өмірінің қауіпсіздігіне жіберуші Тарап жауапты.

3. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Байқау екі кезеңде өтеді:

- 1) Бірінші кезең – Байқау (2023 жылдың 19 сәуірі);

2) Екінші кезең – Гала-концерт. Марапаттау рәсімі (2023 ж. 20 сәуірі).

3.2 Байқаудың өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.3 Ұйымдастыру комитеті Байқауды өткізу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуде тікелей басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын, байқаудың өткізу бағдарламасын, қатысушылардың тізімін бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

3.4 Қатысушы 12-15 жас аралығындағы оқушылар, 16-20 жас аралығындағы білім алушылар мен студенттер іріктеу кезеңінде Ақан серінің 1 әнін, 1 халық әнін орындайды, ал 21-25 жас аралығындағы жастар қосымша жеребе тарту арқылы үшінші әнді орындайды.

3.5 Байқауға қатысушылардың әндерінің орындаушылық деңгейі, тыңдаушыға әсері, сахна мәдениеті талапқа сай болуы керек.

4. Бағалау

4.1 Байқаудың қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелері тарапынан жүргізіледі.

4.2 Жалпы 10 ұпайлық жүйемен есептеледі.

4.3 Дауыс беру кезінде талас туындаған жағдайда, қазылар алқасының төрағасы қосымша бір ұпай артық дауыс беруге құқығы бар.

5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

Бас жүлде – 3

I орын – 3

II орын – 3

III орын - 3

Сонымен қатар номинациялар бойынша 4 арнайы жүлде табысталады.

5. Байқауға қатысу үшін 2023 жылдың 7 сәуіріне дейін ұйымдастыру комитетіне қатысушы туралы мәліметті kkas@aqmoedu.kz электронды поштаға жіберу қажет.

Ескерту: Қатысушы 2000 теңге мөлшерінде жарна төлейді, келіп-кету шығыны жіберуші Тарап есебінен.

Байқауға қатысушының өтінімі

Қатысушының аты-жөні	
Туған жылы, күні, айы	
Қатысушының байланыс телефоны	
Жіберген мекеме, байланыс телефоны	
Орындайтын әндерінің атауы	1. Ақан сері «.....» 2. Халық әні «.....»
Жетекшісінің аты-жөні	
Жетекшісінің байланыс телефоны	

Біздің мекен-жайымыз:

Көкшетау қаласы, Ж.Жабаев көшесі, 140
Ақан сері атындағы жоғары мәдениет
колледжі

Байланыс телефоны: 8 (716-2) 32-91-86

Электрондық мекен-жай: kkas140@mail.ru